

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА
21 қараша 2023 жыл
№: AIFC-C/SCC/2023/0034 ic

«CROWE AUDIT ASTANA» ЖШС

Талап қоюшы

қарсы

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТЫҚ КОНСОРЦИУМЫ» ЖШС-ына

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:
Судья Патрисия Эдвардс

БҰЙРЫҚ

1. Талап қою бойынша 2023 жылғы 16 қазанда іс жүргізу басталғаннан кейін;
2. Және талап қою бойынша 2023 жылғы 30 қазанда Қарсылық берілгеннен кейін;
3. Және 2023 жылдың 9 қарашасында жауап берілгеннен кейін;

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жауапкер 2023 жылғы 8 желтоқсанда Астана қ. уақыты бойынша сағат 16:00-ге дейін Талап қоюшыға 2 744 000 теңге төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. 2022 жылғы 6 мамырдағы Шарт бойынша Талап қоюшы Жауапкердің ҚҚС-ты қоса алғанда 3 920 000 теңге төлеуімен оған 2021 жылы аудиторлық қызметтер көрсетуге келісті.
2. 4.2-бапқа сәйкес Жауапкер Шартқа қол қойылған сәттен бастап бес күннің ішінде Шарт сомасының 50%-ын төледі. Шарт сомасының қалған бөлігі Талап қоюшы қызметтер көрсетуді аяқтағаннан кейін және тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде төленеді деп шешілді.
3. 4-бап мынадай ережелерді қамтыды:

«4.5. Тапсырыс беруші Аудитор көрсеткен қызметтердің актісін Шарттың осы бабының 4.2-тармағында көрсетілген гонорар сомасының екінші бөлігін төлеуге берілетін шотпен бірге алады. Тапсырыс беруші осындай көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды, күнін қояды және оны Аудиторға қайтарады немесе көрсетілген қызметтер актісін алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде Аудиторға оларға қол қоядан бас тартатынын себебін көрсетіп жібереді. Егер Аудитор көрсетілген 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін Тапсырыс берушіден көрсетілген қызметтердің қол қойылған актісін немесе оларға қол қоядан дәлелді бас тартуды алмаса, бұл жағдайда тараптар көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған, ал Қызметтер Аудиторға көрсетілген және оларды Тапсырыс беруші осындай көрсетілген қызметтер актісінде көрсетілген көлемде және шарттармен қабылдаған деп таниды.

...

4.8. Тапсырыс берушінің 2021 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарын сақтаған жағдайда 2022 жылғы 11 мамырда бастау жоспарланып отыр, бұл ретте Тапсырыс беруші ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2021 жылғы қаржылық есептіліктің жобасын келесі мерзімдерде ұсынуға міндеттенеді:

- 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде - 2021 жылғы қаржылық есептіліктің жобасы;
- 2022 жылғы 20 маусымға дейінгі мерзімде - 2021 жылғы соңғы қаржылық есептілік.

4.9. Аудитор осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындауға оған қол қойылғаннан кейін және Аудитордың ағымдағы шотына Шарттың осы бабының 4.2-тармағында көрсетілген

алдын ала төлем сомасы түскеннен кейін, сондай-ақ Шарттың осы бабының 4.8-тармағына сәйкес ХҚЕС бойынша дайындалған қаржылық есептіліктің жобасын Аудиторға бергеннен кейін кіріседі.

4.10. Қызметтер көрсетудің нәтижелері бойынша Аудитор Тапсырыс берушіге келесі құжаттарды ұсынуды жоспарлап отыр:

а) тапсырыс берушінің ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігінің аудиторлық есебін Тапсырыс берушіден ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2021 жыл бойынша соңғы (түзетілген) қаржылық есептілікті, Тапсырыс беруші уақытылы тапсырған жағдайда - түзетілген қаржылық есептілікті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде беру жоспарланып отыр;

...

4.11. Егер Тапсырыс беруші осы Шарттың 2-бабының 2.1-тармағында көзделген мәліметтерді дайындамаса немесе уақтылы дайындамаса немесе осы Шартта көзделген қызметтерді көрсету кезінде Аудитор сұратқан қажетті құжаттаманы, қаржылық есептіліктерді немесе басқа да ақпаратты дайындауда немесе ұсынуда оның кінәсінен кідіріс болса және нәтижесінде Аудитор осы Шартта көзделген мерзімдерде өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайға ұшыраса, Аудитордың қызметтер көрсетуінің құны мен мерзімі айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Аудитордың іс жүзінде атқарған жұмысына қосымша ақы төлеуге міндеттенеді. Мұндай жағдайда Аудиторға төленетін сома Аудитордың персоналының сағаттық мөлшерлемелері және олардың осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге жұмсаған нақты уақыты негізге алына отырып есептелетін болады.»

4. 2023 жылғы 13 ақпанда тараптар №1 қосымша келісім жасасты. Шарттың жалпы сомасы 4 704 000 теңгеге дейін ұлғайтылды. Сонымен қатар, Жауапкердің 4.8-бапта көрсетілген "соңғы қаржылық есептілікті" ұсыну күні 2022 жылғы 20 маусымнан "2023 жылғы 6 наурызға" өзгертілді.
5. Мен соңғы қаржылық есептіліктің Талап қоюшыға қашан жіберілгенін растайтын ешқандай құжат көрген жоқпын, әйтсе де, ортақ пікір бойынша ақыр аяғында ол жіберілген.
6. Талап қоюшы 2023 жылдың 28 сәуірінде Жауапкерге 2021 жылғы қаржылық есептіліктің аудиторлық қорытындысының электрондық нұсқаларын, сондай-ақ шот-фактура мен көрсетілген қызметтер актісін электрондық пошта арқылы жібергенін, бірақ жауап алмағанын айтады. Мен бұл құжаттардың ешқайсысының көшірмелерін көрмедім.
7. 2023 жылғы 17 тамызда Талап қоюшы Жауапкерге аудиторлық есепті және Шарт сомасының екінші жартысын төлеу жөніндегі шотты жіберді. Ол Жауапкерден көрсетілген қызметтер актісіне он жұмыс күнінің ішінде қол қойып, көшірмесін қайтаруды сұрады. Жауапкерден жауап болмаған.
8. 2023 жылдың 5 қыркүйегінде Талап қоюшы Жауапкерге шағым хат жіберді және онда 2023 жылдың 11 қыркүйегіне дейін шарт сомасының қалған жартысын төлеуді сұрады.

Юрисдикция

9. Шарттың 7-бабында тараптар барлық дауларды соттар және АХҚО актілеріне сәйкес қарайды деп келісті.
10. "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ Конституциялық заңы (өзгерістермен және толықтырулармен), 13.4-бабына сәйкес, АХҚО тараптардың келісімі бойынша АХҚО сотына берілген дауларға қатысты айрықша юрисдикцияға ие. Сонымен, талап қою осы сотта қарала алады.
11. Талап қоюшы 2 744 000 теңге талап етіп отыр. Бұл шамамен 5 944 АҚШ долларына тең. Бұл сома 150 000 доллардан аз болғандықтан, АХҚО соты Қағидаларының 28.1(1) қағидасына сәйкес, талап қоюдың Ұсақ даулар сотында қаралғаны мақсатқа сай болады.

Шешім

12. Жауапкер өзінің Қарсылығында Талап қоюшы келісілген мерзімде қаржылық есептілікке аудит жүргізбей, Шарттың талаптарын бұзғанын мәлімдейді.
13. Талап қоюға берілген Қарсылықтың 5-тармағында аудиторлық қорытындыны Талап қоюшы тараптар № 1 Қосымша келісімді жасасқанға дейін беруі керек делінген, сондықтан бұлай мәлімдеу үшін негіз жоқ және Шарттың талаптары бойынша, Жауапкер өзінің соңғы қаржылық есептілігін әлі ұсынбағандықтан, Талап қоюшы мұны орындай алатын болған жоқ. № 1 қосымша келісім Жауапкердің мұны орындауының мерзімін ұзартты.
14. Талап қоюға берілген Қарсылықтың 7-тармағында Жауапкер № 1 Қосымша келісімге сілтеме жасай отырып, Талап қоюшы *"қаржылық есептілік аудитін 2023 жылғы 6 наурызға дейін ұсыну жөніндегі өз міндеттемесін"* бұзғанын мәлімдейді.
15. Алайда, бұл келісімнің мәнін дұрыс түсіндірмейді. Талап қоюшы атап өткендей, № 1 Қосымша келісім Жауапкердің 4.8-бап бойынша *"соңғы қаржылық есептілікті"* ұсыну мерзімін 2023 жылғы 6 наурызға дейін ұзартты. Талап қоюшы өзінің аудиторлық қорытындысын осы құжаттарды алғаннан кейін және олармен жұмыс істегеннен кейін ғана бере алатын болды. Жауапкердің құжаттарды уақтылы және дәл беруінің маңыздылығы келісімнен, атап айтқанда 2 және 4-баптардан айқын көрінеді.

16. Мен сондай-ақ Талап қоюшының қызметтер көрсетуіндегі қандай да бір кідірістер жөнінде Жауапкердің Талап қоюшымен қашан да болмасын байланысқанына немесе оған шағымданғанына қатысты ешқандай болжам немесе дәлелдеме жоқ екенін атап өтемін.
17. Бұдан басқа, көрсетілген қызметтер актісіне қол қою үшін немесе қол қоюдан бас тартатынын уәждеп жіберу үшін Жауапкердің он жұмыс күні бар деп тараптар 4.5-бапта уағдаласқан. Бұлай болмаған жағдайда аудиторлық қызметтер көрсетілген және қабылданған болып саналады. Жауапкер Талап қоюшы 2023 жылдың 17 тамызында жіберген құжаттарға жауап берген жоқ. Тиісінше, ол қызметтерді қабылдады деп есептеледі.
18. Қысқаша айтқанда, Талап қоюшы өз қызметтерін көрсеткен, ал Жауапкер шарт бойынша мәлімделген соманың қалған бөлігін заңды негіздерді көрсетусіз төлемеген.
19. Жауапкер талап қою бойынша берілген Қарсылықтың қорытындысында растайтын құжаттарды ұсынуға уақыт сұрады. Алайда, Жауапкер бұл талап туралы бірнеше айдан бері біліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, менің ойымша, қандай да болмасын даулы мәселелер бойынша қандай да бір қосымша құжаттар оған қажет болған жоқ. Жауапкер Шарттың талаптарын дұрыс түсінбегенін негізге алды.
20. Жауапкер Шарттың бастапқы сомасының жартысын төлегендіктен, төленуі тиіс қалған сомасы 2 744 000 теңге құрайды.

АХҚО Ұсақ даулар соты қабылдады,

Патрисия Эдвардс,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Арман Баймышев мырза өкілдік етті, заңгер, Crowe outsourcing KZ, Алматы қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан Рысқұлбеков мырза өкілдік етті, "Қазақстанның астық консорциумы" ЖШС Бас директорының орынбасары, Астана, Қазақстан.